

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 151
Жеке тектік қоры

_____ шілде 2003 ж.

Хұсаинов Ғафур Оразалыұлы 1927 жылы 15 қаңтарда Ноғамбай ауылдық Советінде Орда ауданы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

Әкесі – Оразалы Жалқайұлы, мұғалім, оқу орнын Астраханнан бітірген. Анасы – Зеріп, үй шаруасындағы әйел.

Ашаршылық кезінде ата-анадан ерте айырылған Ғафур 1937-1942 жылы Жымпиты балалар үйінде тәрбиеленген. Мектепті бітіргеннен кейін 1942-1947 жылдары Жымпиты облысаралық қазақ драма театрында әртіс болған. 1947-1951 жылдары әскер қатарында, одан кейін 1961 жылға дейін Жымпиты мәдениет үйінің директоры болды. (Негізі: Қ-1, Т-1л)

1961-1964 жылдары Москва, Алматы жоғарғы партия мектебінде оқиды. Білімі – жоғары, журналист.

1964 жылдан 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық “Қызыл ту” газетінде редактордың орынбасары қызметін атқарды.

(Негізі: Қ-33, Т-1л)

Бірнеше медальдармен, құрмет, мақтау грамоталарымен марапатталған.

Ғ.Хұсаинов әуесқой сазгер-күйші, ақын. Он алты әні, 11 күйі ұнтаспаға түсірілген. Республикалық, облыстық, аудандық газеттерде бірнеше өлеңдері жарық көрді. Облыстық ақындар айтысына қатысып, аудан намысын қорғады.

Бүкілодақтық фестивальдың бірнеше дүркін жеңімпазы. Зайыбы ұлағатты ұстаз Ағилан өмірден озғанмен, бүгінгі таңда Ғафур Оразалыұлы ұл-қыздарының қолында Жымпиты ауылында қариялық ғұмыр кешуде.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының бастығы:



Ғ.Я.Рамазанов.